

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 528 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздар рыногындағы инвестициялық қызметтің субъектісі ретінде инвестициялық қорлардың қызметін лицензиялау қағидаларын, Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау қағидаларын, Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциялық нормативтерді есептеудің және қолданудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1998 жылғы 12 маусымдағы N 7 қаулысына өзгерістер енгізу туралы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 380 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 1997 жылғы 26 маусымдағы N 90 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 256 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3098

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін " Инвестициялық қорлар туралы " және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қорлар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) қаулы етеді:

1 . < * >

Ескерту: 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 373 қаулысымен (Қолданысқа ену тәртібін қаулының 2-тармағынан қараңыз).

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының " Инвестициялық қорлардың инвестициялық декларацияларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" 1997 жылғы 26 маусымдағы N 90 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 380 тіркелген, 2001 жылы Нормативтік құқықтық актілер және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, IV том) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

4. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" Заңды тұлғалардың бірлестігіне, инвестициялық портфельді басқарушыларға жіберсін.

5. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға